

Биікке ұмтылу – адамзаттың қашанғы арманы, сол үшін күш-қуатын сарп етіп, ақыл-парасатын аямай, өмір талабына жаңалық қосу арқылы интеллектуалды дамудың игілігіне қол жеткізеді. Ғылымды дамыту ақылдың жемісі ғана емес, оның игілігі көптің көдесіне жарап, өркениет өрісін өрге сүйейді. Сол себепті қай саланың да қарыштап қадам басуы үшін ғылымға қамқорлық керек. Бүгінгі таңдағы тақырып осы мәселеге жан-жақты талдау жасап, көп назарына ұсыну еді.

Иә, Қазақстан ғылымы зор әлеуетке ие. Дегенмен елімізде ғалым болу жолында біршама қиындық бар екені жасырын емес. Өңір білімінің қара шаңырағы саналатын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 2012 жылдан бері докторантураның 12 мамандығы бойынша болашақ ғалымдарды оқытып келеді. Бірақ осы уақыт аралығында диссертациялық жұмысын аяқтап, сәтті қорғап шыққандары сұзақпен санарлық. Бұл бір ғана Қызылордадағы университетте болып жатқан жәйт емес. Тұтас Қазақстандағы проблема.

Жалпы докторлық жұмыс екі бағытқа бөлінеді. Біріншісі – гуманитарлық, екіншісі – техникалық. Қиындықтың көбі біріншісіне тиесілі. Ал техникалық бағытта өңбегін қорғап шыққандар саны гуманитарлыққа қарағанда өдәуір көп. Жалпы бүгінгі ғылымның мәселесіне айналуға докторлық жұмысты қорғап шығу жайын бүгінгі сораптамада тарқатып көрміз.

Ерасыл ШӨРІБЕК

# АКМЕШТ ЖАСТАРЫ

Жаннан қымбат оларға ар. Мен жастарға сенімін.



Бағдат КӨРБОЗУЛЫ

№ 07 (386)  
18 ақпан, 2021 жыл

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

## Scopus & Web of Science



Ботагүл ТҮРГЫНБАЕВА

Профессор, педагогика ғылымдарының докторы Ботагүл Тургынбаева докторантураға үміткерді қабылдау кезінде емтихан санын көбейту керек деп есептейді. Профессордың айтуынша, докторанттардың кейбірі шығармашылық тұрғыдан өзісі. – Ең алдымен докторанттардың академиялық жазу үлгісіне төселмегендігі өздеріне көп қиындық туғызады. Өрине, бұл ең алдымен педагогикалық бағыттағы білім алушыларға тиесілі сың ескертпе. Мысалы, бакалаврда курстық жұмыс жазып, магистратурада диссертациялық жұмысын жазып келгенің өзінде көпшілігі ғылыми тілде жауға қиналады. Мұндай кемшіліктерді оқуға қабылдаудың кезінде тіндетіп алған жөн секілді. Біздегі бір кемшілік докторанттарды қабылдау тек тест жүзінде өтетіні. Яғни IELTS көрсеткішімен оқуға қабылданып жатады. Иә, екінші

кезеңде белгілі бір өңгімесі деген тармақтары бар. Бірақ бұл нағыз талаптарды анықтау барысында тым төмен талап ерелі өлшем жеткізбейді. Өйткені жоғарыда айтылған кемшіліктерді қазіргі емтихан жүйесінде анықтау мүмкін болмай отыр. Меніңше, байқауға белгілі бір тақырып арасында шығармашылық емтиханды да қосуды керек. Себебі үміткердің әдеби және тілдік қоры зерделеп алуға тиіспіз. Қазіргі талаптың бірі – ағылшын тілін жетік меңгеру. Көбінесе педагогика және психология бастауыш мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мамандықтары бойынша бакалавр мамандар докторантурадан тыс қалып жатады. Себебі – ағылшын тілін білмеу. Ал, сол мамандықтарда білім алушылардың көбі – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Міне, осыдан қарама-қайшылық туындайды.

Рас, бүгінде жұмысын қорғай алмай жүрген докторанттар бар. Мұның бірінші себебі – талапта белгіленген Scopus деректер базасына енетін рейтинг басым журналдарға өңбегін шығара алмауы. Бүгінде журналдар бойынша талаптар күшейіп жатыр. Scopus-қа енетін журналдар 4 көрсетілген бөлімге, докторанттың өңбегі 1-інші және 2-інші көрсетілген журналға шығуға тиіс. Өрине қазір көпшіліктің арасында «мақаланы шетелдік басылмаға шығару керек пе?» деген сауал туындап жүр. Осы арада біз мына тұжырымды түсінугіміз керек. Бүкіләлемдік білім кеңістігін игеріп жатқан кезімізде ғылымның да өлемдік аренаға шығып, танымалдылыққа ие болуы өзіміз үшін аса қажет. Ғылым жолындағы жастарымыздың зерттеу нәтижелері, жаңалықтары әлемге танылып жатса неси жаман?! Қорқыт ата немесе Абай атындағы университеттің

докторанттың жетекшісімен бірге жасаған өңбегі халықаралық деңгейде тренде айналып жатқанын ұлтпасақ, ұтылмаймыз. Еліміздегі ғылым саласындағы жалғыз дәреже болғандықтан бұл заңдылықтардың, талаптардың жоғары болғанын құптаймын. Бізде бұрынғыдай «ғылым кандидаты», «ғылым докторы» деген ғылыми атақтар қазір жоқ. Сондықтан маңдайымыздағы жалғыз PhD докторлықтан ғана ғылымды дамытып, танытып, кең көлемде ұйымдастыра алу қабілеті бар үміткерлерге талаптың күшейгені құпталық.

Оқырманға тиісінкі болу үшін Scopus пен Web of Science жайлы тарқатсақ. Scopus – 5 мыңнан аса ғылыми журнал құрамына кіретін алпауыт база. Бұл базаға қандай да бір ғылыми журналды енгізудің өзі үлкен өңбекті қажет етеді, себебі талаптары жоғары. Сол жұрналарға мақалалары жарияланған ғалымдардың жұмысы Scopus базасында сақталып, өзге зерттеушілердің қолдануына тегін немесе ақылы түрде қолжетімді болады.

Ал Web of Science – өлемде, әсіресе ғалымдар арасында «Ғылым желісі» деген атпен танымал, ғылыми өңбегі мен патенттер іздеп табуға арналған ауқымды платформа. Білім беру бағытындағы Thomson Reuters медиакомпаниясының бастамасымен құрылған «Ғылым желісінде» қолданушылардың қараған, оқыған және мәлімет алған ғылыми жұмысына сілтемелер беріліп отырады. Ал ғылымды сілтеме – ғалым өңбегінің өлеңуі және ғылыми жаңалықтардың өлеңуі.

Белгілі профессор Бағдат Көрбозулы докторанттарға қойылатын талаптардың кейбірімен

келіспейді. Педагогикалық бағытта білім алушылардың өңбегін Scopus-қа жариялаудың қажеті шамалы деп есептейді.

– Кеңес үкіметінің кезінде аспирантураны, докторантураны өткізді. Ол кезде диссертацияға қойылатын талаптар өзгеше еді. Мысалы, кандидаттық немесе докторлық диссертацияда қорғалатын теориялық мәселелер болатын. Кез келген әдебиеттің теориялық немесе тарихи мәселесі бағытында қорғау ұсынылатын. Докторант ғылыми тақырыбы бойынша зерттеу жұмысын жүргізіп, шешуі жолына атсалысты. Жаңалық ашпаса да сол салада ғылыми зерттеу жасап, тоқтамаға келіп, жұмысын қорғайтын. Ал енді PhD докторантура бойынша өртүрлі бағытта қорғалып жатқан диссертацияларда келіме мәселесі қорғайтын тұстар бар. Жалпы мұғалімдер қорғайтын болғандықтан болу керек, методика мәселесіне ерекше мән береді. Диссертацияның екінің белінде көтеріп отыратын мәселені міндетті түрде оқытуға қарай ойыстырады. Жалпы методика дегеніміз – белгілі ғалымдардың ой-пікіріне негізделсек, шын мағынасында ғылым емес, әдістерді жиынтатық. Сондықтан диссертацияның бір бөлімін методикаға арнап, докторанттарға талап етуі артық нәрсе. Мысалы, мектеп мұғалімі Абай өлеңдерін оқытатын. Оны қандай оқытады – мұғалімнің өз еркі. Ал методика – сол оқытудың бір тәсілі. Әдіс-тәсілді ғылымға енгізіп, докторанттан талап ету, меніңше, қисынға келмейді. Сонымен қатар Кеңес кезінде бір ұлттың докторанттардың сабағын құнтабаға енгізіп, аудиторияға қамап, дәріс берген емес. Ғылым жолына келген талапкерге ең алдымен еркіндік, зерттеу жұмысына қолайлы уақыт беретін.

4



Осыдан 42 жыл бұрын басталып, 110 ай бойы жалғасқан Ауған соғысын тарихтан оқып білгенмен, саяси астарын жіті түсінбегеніміз рас. Бұл жағдайды КСРО басшылығы мен Ауғанстан арасындағы саяси ойын десек те, соғыста қазақтардың да жан беріп, өлге оралмай, із-түссіз жоғалуы, шынғында да, көкейге сауал ұялатады.

Биыл Ауғанстаннан Кеңес әскерінің шығарылғанына 32 жыл. Арада қанша уақыт өтсе де, жыл айналып еске түсетін соғыстың, оған себепші мөлшектер арасындағы шиелістің неден туындағанын тарқата айтуды жөн көрдік.

### Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Тарихи оқиға 1978 жылдың сәуір айында Н.Тараки бастаған коммунистердің Ауғанстан билігін төңкеріс жасау арқылы басып алған сәттен басталған. Алайда халықты күшпен көндіруге тырысқан коммунистердің бұл әрекеті әрі олар ұсынған реформалар елдің наразылығын тудырды. Нәтижесінде билік пен халық арасындағы қарулы текетірес күн сайын шиеленісіп, 1979 жылдың соңына қарай Ауғанстанда ірі көлемді әскери ұрыс-қиымдарды ұйымдастырыла бастады. Елдің 26 провинциясының 18-інде қарулы қақтығыс тіркеліп, күн өткен сайын күрделене түскен жағдайдың бәрі АДР басшыларын бірнеше рет Кеңес Одағынан әскери көмек сұрауға итермеледі. «Ауғанстанның ағанды үкіметінің» өтінішін ескере отырып әрі БҰҰ Жарғысының мемлекеттердің өзін-өзі қорғау құқығы туралы 51-бабын алға тартқан КСРО Ауғанстанға қарулы күшін кіргізуге келіседі. Осылайша Түрікстан әскери округінен (ТүрӨО) Ауғанстанға кіретін 40-армия құрылып, оған қолбасшылыққа генерал-лейтенант Ю.Тухаринов тағайындалады.



1980 жылы қаңтар айында елдің маңызды аудандарына орналасқан 40-армия аудандық армиямен бірлесіп, әкімшілік орталықтарды, уәжайларды және Хайратон-Қабул, Кушка-Герат-Кандагар, Кабул-Жалапабад, Пули-Хумри-Құндыз-Файзабад автономистралдарын қарулылай бастаса, 21

провинция мен тоғыз уәжайды (Қабул, Баграм, Шиндан, Кандагар, Құндыз, Жалапабад, Гардез, Герат, Файзабад) Кеңес әскерлері бақылауға алған. Кеңес әскерлерінің өң алғашқы соғыс қимылы 1979 жылы 27 желтоқсанда Х.Өмірнің көзін жоюмен «Дауыт-333» жауынгерлік операциядан басталып,

1989 жылы қаңтардағы «Тайфун» операциясымен аяқталған. Айта кетейік, 40-армия Ауғанстанда ірі көлемде «Дауыт-333», «Кунар», «Паншер», «Құндыз», «Магистраль», «Удар», «Тайфун» және т.б. операциялар жүргізген. Осы жылдарды Ауған соғысының ардагері, «Ауған соғысы ардагерлері ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қорғалды Баймаханұлы былай деп еске алады. 1979 жылы әскерге аттанған Қайрадин аға мекенжайы Ташкент қаласы деп көрсетілгенмен, ауған жеріне баратынын өзі де, жақындары да білмеген.

Менен Ауған соғысы жайлы сұрайтындыр көп. Жауабы қиын. Бұл – бір елдің ішкі жұмысына араласып, содан туындаған соғыс. Біз тек сол кезгі сенім, бір ғана Отан, Совет үкіметі алдындағы боршымызды етпей, барлық күш бойлық, қатыстық, талай маңдайы жарқыраған жігіттер қыршынынан қылды... Мен онда әскери жүк көлігін айдадым. Алдыңғы шепте жүрдік. Әскерде сондай арнайы жасақ бөлімі болады. Алдыңда жүріп, жаудың бар-жоғын анықтап, артындағы қалың солдатқа, негізгі күшке осы ашысың. Осы бөлімде қызмет еткен жылдарым әлі

есте. Өте күйіпті сапар, тау мен тас арасы, өр құбыста бір қатер тұрғанды көрінетін кездер. Мысалы, алдыңнан көріп шықты дейлік. Негізгі күш келмей тұрып, біз оны қоршап алып, әскери зерттеу жүргіздім. Жарығыш бар ма, жоқ па?! Болмаса, жау тарапынан қандай да бір қастық қылып, сол майданда оқ боратын мүмкін. Ойыңды көріп жаныңан өткенде барлық әскер жинақтап өтетіні белгілі. Түтқиылдан шабуыл болдырмау үшін жан-жақты барлығын терең зерттейтіміз де сол, – дейді ардагер.

1988 жылы 14 сәуірде АДР-дағы жағдайды саяси реттеу туралы Женева келісіміне КСРО, АҚШ, Ауғанстан мен Пәкістан мемлекеттері қол қойған. Кеңес Одағы өз әскерін 9 ай мерзімінде алып шығуға, ал Құрама Штаттар мен Пәкістан қарулы топты қолдауға тыйым салып, келіспен, Женева келісімінде белгіленгендей, 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан соғыс Кеңес әскерлері шығарылды. Айта кетейік, қарулы қақтығыс толығымен 1989 жылдың 15 ақпанында Ауғанстан жерінде КСРО ның 620 мың азаматы әскери қызметін өттеген. Ал Қазақстан жерінен қанқуығы соғысқа 22 мың адам қатысқан.

### 365 КҮН – 260 ІС-ШАРА

Аймақта өл Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту жөнінде облыстық кешенді іс-шаралар жоспары әзірленді. Оған Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті насихаттайтын түрлі форматта 260 шара енгізілген.

Аталған жоспар «Жасампаздыққа толы жылдар» басты идеясы аясында «Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке үлес», «Қазақстан – елорда сүйегінің ұты» (Қазақстанның ұлттың достары ретінде), «Ғылым және технологиялар», «Ұлттық бірлік, бейбітшілік пен тұрақтылық», «Патриотизм», «Елорда күні. Нұр-Сұлтан – табыс пен өркендеудің символы», «Тәуелсіздіктің құлықтық негіздері. Құқық үстемдігі және азаматтық қоғам», «Білім», «Ауылды қайта түлету», «Индустриялық-инновациялық даму. Цифрлық эконимика» және «Тәуелсіздік – жүзеге асқан өркен. Қазақстан жолы» секілді 12 тақырыптық бағытта жұмыс асырылады.

«Мемлекет басшысы айтқандай, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын мерекелеу ісі даңғаза ірі шаралармен емес, керісінше халыққа түсінікті, танымдық-ұлағатты дүниелер аясында жүзеге асырылады. Кешенді іс-шаралар жоспарына енгізілген 12 тақырыпты әр айға бөліп, насихаттаймыз», – деді облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет.



Шынымызды айтайықшы, **Жас Отан** дегенде ең алдымен өртураі ірілі-ұсақты шаралар мен ақциялардың басында жүретіндер елестейді ғой көз алдымызға. Бірақ жуырда осы **Жас Отан-ның** жастарымен тілдескеннен кейін мен осы ойдан арылдым. Кейінгі толқынның көп істе үлесі бар екеніне көзім жетті.

## КЕЙІНГІ ТОЛҚЫННЫҢ КӨП ІСТЕ ҮЛЕСІ БАР



**Өлішер ҚАРДАШОВ,** «Жас Отан» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының төрағасы:

– Біз тек мектеп жастарымен немесе студенттермен ғана жұмыс істейміз, өртураі саладағы қатарластарымыз да назарда. Бұрын

142 бастауыш бөлімше болған. Сараптай, сұрыптай бұл санды 93-ке түсірдік. Мұның бірнеше себебі бар. Бастысы, мүшеліктегі жастардың біразы отыздан асып кеткен. Бұрынғы статистика бойынша қатарымызда 13 200 жас болатын. Қазіргі санымыз 5320-ның маңдайы. Жастар қанатының мүшелері азайғанмен атқаратын міндетіміз кеміген жоқ. Біздің бұрын барлық бастаманың басында жүруі тиіс. Солай болып та жатыр.

«Жастар не бітті?» дегенде ауыз толтырып айтар іс баршылық. Соның бірі...

#### BIZ BIRGEMIZ

Елбасының бастамасы аясындағы «BIZ BIRGEMIZ» ақциясы шеңберінде бытырғы қараша айына дейін 41 964 облыс тұрғыны көмек алған. Оның ішінде 12 489 отбасына азық-түлік сәбеті таратылды. Аймақ тұрғындарына 10 000-ға жуық медициналық бетперде үлестіріп шыққан да осы жастар. Бұл жұмысты ұйымдастыруда қауіпсіздік шараларын сақтай отырып 500-ге жуық жасотандың ерлігі түрде қызмет атқарды. Пандемияның өршіл тұрған

шағында ерліктердің елге көмегі көп болды. Жалғызбасты кісілерге дәрі-дәрмек жеткізіп тұрды.

#### ЖҰМЫСЫЗ МАМАНДЫҒЫНА НАСИХАТ КЕРЕК

Жас Отан Жастар қанаты мүшелері жастар арасында жұмыссыз мамандықтың насихаттау, сәйкес адамының бөделін көтеру бағытында біраз шаруа атқарды. Осы бағытта кездесулер ұйымдастырып, оған ұлттық компания, акционерлік қоғам, ірі, орта және шағын кәсіп орындарында жұмыс жасайтын жастар қатысты. Филиалдың «Жұмыссыз мамандықтарды насихаттау» жобасы аясында «Қызылорда қызмет көрсету және сервис» жолөңкінің білім алушылары тәтті тоқаштар мен торт пісіріп, жалғызбасты қарттарға тарту етті.

Студенттердің жұмыс күші мен кәсіпкерлердің қолдауын біріктіре отырып, көмекке мұқтаж жандардың қажеттілігін қанағаттандыруды көздеген бастаманы құрағандар қатары көп.

Сенбілік аясында 150-ден астам ерлікті қала аумағында тазалық жұмыстарын жүргізді.

Мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан («Бизнес бастау», «Жас кәсіпкер», «JasProject» және т.б.) бағдарламалар аясында қолдау алған жастардың қазіргі экономикалық жағдайы анықтау мақсатында облыстағы жас кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізіліпті. Оған 518 жас кәсіпкер қатысып, бағдарламалардың тиімді тұстары мен проблемалары анықталды. Алдағы уақытта «Аймақтық жастар кеңесі» күн тәртібіне мониторинг нәтижелері және ұсыныстар енгізу жоспарлануда.

Экономикалық бөлсенді азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында өңіріміздегі 702 кәсіпорны тарапынан 18-29 жас аралығындағы 2147 жастың жастық тімі жинақталды. Алдағы уақытта жұмыссыз жастармен түрлі бағыттар бойынша (кәсіпорындарда бастауыш бөлімше ашу, спорттық іс-шара, интеллектуалды сайыс, менторлық клубы, Ted format, network-ing) бірлесіп жұмыстар жүргізілетін болады.

#### КӘСІПКЕРЛЕР КЛУБЫ

Елімізде кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөлініп, мемлекет тарапынан қам-жақты қолдаулар көрсетіліп отыр. Осы шаралардың заңды жалғасы ретінде биыл жыл басында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанынан жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша Қоғамдық Кеңес құрылған болатын. Осы Кеңесінің құрамына кіретін бір-бірі жақтас Жастарды кәсіпкерлікке тарту бұл тек шағын бизнесің көлемін арттыру ғана емес, сонымен бірге кейінгі толқын өкілдерін жұмыспен қамтудың бірден бір жолы.

Дегенмен облыстық жастар арасында кәсіпкерлікпен айналысу деңгейі әлі де төмен. Бұл мәселені шешуде Кәсіпкерлер палатасының жанынан құрылып жатқан Жас кәсіпкерлер клубы өз септігін тигізеді деді сенеміз.

– Жастандықтардың спорттық нысандарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бытыр мамыр айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басылымымен келісісу кешені ар арпанын сәйкесіні, сенбі күндері жастандықтар тегін қолдана алады. Жастар арасында саламатты өмір сәлтін насихаттау барысында «Сейіхун» спорттық кешенінде базар және сауда орындарында жұмыс жасайтын жастар арасында «Дүйсеһлік футбол» іші турны өтті. Турнирде 18 қолдарында бақ сынасып, жеңімпаздар қаржылай сыйақымен марапатталды.

Кәсіптік бағытта білім алып жүрген жастардың (дәнекерлеуші, монтажер, құрылысшы электрик, тілші, аспаз әулетуін көтеру, мамандықтың қоғамда маңыздылығын арттыру барысында «Теорянда тәжірибеге» жобасы басталды.

Ерхан АҚЫН

## МҰҚАҒАЛИ – ҒАСЫР АҚЫНЫ

Қазақстан туралы өңгіме айтқанда, ең алдымен елге таманал тұлғалар жайлы сөз қозғалады. Мәселен, тарихи тұлғалар, жазушылар, әншілер мен жыршылар, ақындар ауыздан түспейді. Соның ішінде Мұқағали Мақатаевтың ерекшелігі айтуға болады. Сөбейі ақынның өлеңдері өте танымал. Аз ғана ұғымдарында елге баға жетпес мұра қалдырды. Ол мұра әр жастың әр жеткіншектің жүрегіне жатты. Мәселен, «Фариза! Фаризажан, Фариза-қыз, Өмірде ақындардың бәрі жалғыз. Шыдай-шыдай ақыры жалғармыз, бірімізден біріміз арылармыз. Біздерді де жоқтайтын жан болса егер, шаң басқан архивтерден табылармыз» деген өлеңі қанша ақындарға шабыт сыйлағаны анық. Осыдан-ақ ақынның өр өлеңі қалам ұстаған жасқа өзгеше шабыт сыйлайтыны анық.

Есім балалық шақтан бері Мұқағали Мақатаевтың поэзиясын сусындап өстім. Жата-жастана өлеңдерін жаттадым. Бүгінде кітап бөрімеде ақынның кітаптары өлі бар. Ал мына шумақтары туған жердің құдыретін, қасиетін ұғындырады. Өзіме де осы өлеңі қатты ұнайды. Елін, туған жерін сағынған қазақ осы өлеңмен сағыныш басады. Туған елім, көрмесем сағынғаным. Көтесем елін өзіннен табылады. Жасырғым алмай, інінің отауынан, ыстық маған атының шаңырағы» деп жырлайды ақын. Иә, бұл ақиқат ақынның туғанына – 90 жыл. Мағыналы өлеңдері қазақтың жадынан өшпейді. Өркізсің-сіңнің астарында үлкен мән бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақиқат ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл. Мұқағали поэзиясы – күллі қазақтың болмыс-бітімі. Оның сырлы сезімі толы жылдары қалың оқырманның жүрегінен орын алды» деді мерейлік құттықтауында.

Ақынның өмір жолын айтудың қажеті болмас. Сөбейі Мұқағалиды білмейтін адам кемде-кем. Ютуб каналдарында да өлеңдері жетерлік. Ал ең алғашқы өлеңі қайда жарық көргені оқырманды қызықтыратыны рас. «Қырман басында», «Қойшы бала – Өкпай» 1949 жылы «Советтік шекара» газетінде жарияланған. Сондай-ақ «Шебер» тілімің ойы өлеңдері «Жастық жыр» атты жинаққа енген. Жазушы Абайдың «Жібек» атының алғашқы талғатын бағалаған тұлға. Ол Мұқағалиды былайша бағалаған. «Өзіннен де жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде, мақтанбаса бола ма?!» деген екен. Ақынның бірнеше лирикалық жыр жинағы мен дастандары бар. Онымен қоса Шекспирдің сонеттерін, Дантесің «Құдіретті жазалық» қаламалары, «Саржайлау», «Сөнбейді әже, шаңырағы», т.б. өлеңдерін сәзгер Н.Тілендиев ең шығарған.

Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығы – әр қазақ үшін мерейлі мереке.

Ләззат РАХМЕТОВА, Еркін Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп интернат кураторы

## ӘКЕМ СОҒЫС ЖАЙЛЫ АЙТА БЕРМЕЙДІ



1979-1989 жылдарда Кеңес әскерінің құрамында Ауған жерінде интернационалдық борышын өтеп, аман-есен елге оралғандардың ішінде менің де әкем бар.


Әкем Нұрлан Сейтжапаров Ауғанстан туралы осы көп ашылып өңгіме айта бермейді. Кей-кейде осы тақырыпта сөз қозғай қалса бәрін есімде сақтауға тырысамын. Менің білетінім, ол оқуы кезінен бастап әскерге баруға қатты дайындалған. Спортты жақсы көреді, әлі күнге дейін волейбол ойнап тұрады. Мектепте жоғары сыныпта жүргенде сол кезде шығатын «Советский спорт», «Физкультура и спорт», «Советский воин», «Военное знание», «Авиация и космонавтика» деген газет-журналдарға жазылып алдырғып тұрған екен. Ауған соғысы басталғанда военкоматқа өзі барыпты. 1982 жылы әскер қатарына алынғаннан кейін Әзбекстанның Термез деген қаласында 1,5 жыл қызмет атқаруға тара келіпті. Онда да өз еркімен сұранып жүріп, ақыры дегенге жетіп, Ауғанстанға барған. Онда күрдің өзі ойланғандай оңай болмапты. Зил-131 машинасының жүргізушісі болған, ирмірлері көп тау жылымен биік асуларға шығу қаншалықты қиын болғаны, одан ары түсудің екі есе қиын болғаны айтып беруші еді. Ауғанстанда, Бағрам, Пандшер деген жерде қызмет атқарғанын айтатын.

Бірде колоннамен келе жатқанда алдындағы қамз көлімі мінәга түсіп жарылды, тағы бірде жанында етегім жатқан БТМ мінәга түсіп өртенді. Бірде түн жарымында шұғыл түрде бір жерге қару-жарақ, оқ-дәрі апару керек болған, командирлері бұлға машинаның жарығын жағуға рұқсат бермеген, қараңғыда душмандар иелік етіп тұрған аймақтан қанша қиын болса да, аман-есен өтіп, тапсырманы ойдағыдай орындады.

Кейін де талай жағдайларда Құдай сақтап аман қалғанын айтып, бұғін де солардың бәрін шұқіршілік етегім бар, 1984 жылы 1984 жылы айналымыз елге оралды. Қалғеннен кейін өркендеуші болып жұмысқа орналашқан. Болшақ жары, яғни, менің анамды сол өрт сөндіруші болып жүріп кездестірген екен. Менің аман Назипа Ақтаева өр сендіру бөлімінде диспетчер болып қызмет жасайды. Әкем әлі де күмір қышып өңдіретін зауытта өр сөндіруші.

15 ақпан, 15 мамыр сүнды арнайы мерекелік күндерде кездесулер өтетіні белгілі. Әкеме мұндайда шақыртулар келіп тұрады. Әр кездесуде елді суық, Отанды қорғау, ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жөнінде уадай айтып жүр. Әкем отбасымын тірегі, сол үшін көбіне әкеме қарап бол түзеймін. Мен отбасымымен ерекше мақтанамын.

Ауылым НҰРЛАНҚЫЗЫ №125 орта мектептің 11 сынып оқушысы, Жаңақорған ауданы



**Назерке ДҮРБАЙ,** «Жас Отан» ЖҚ ҚОФ жоба үйлестірушісі:


– Біз қолға алған жаңалықтың тағы бірі әлеуметтік желіге қатысты. Бұрын тек пост фактум стилінде жазылатын. Ал біздің негізгі аудитория жастар болған соң біз сәл ескі бағыттан ауытқыдық. Уақыттың басым бөлігін әлеуметтік желіде өткізілетін жастар үшін облыстық әлеуметтік парақшаларында #Aqparat\_JO, #Аналитика\_JO, #Cura\_Say, #Мнение\_JO тұрақты айдарлары аясында пайдалы ақпараттар беріледі. Жыл басында «Жас Отан» ЖҚ бастамасымен «Қызылорда» сауда орталығында «Кенес орталығы» ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты – жастардың өзекті мәселелерін шешу, ақпараттық сүйемелдеу, тұрғын үй, жұмыспен қамту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету. Карантиндік шектеулерге байланысты кеңес орталығының жұмысы облыстық әлеуметтік желі парақшасында тікелей эфирде өткізілетін #Cura\_Say онлайн кеңес айдарымен жалғасуда. Бұл айдар өр аптаның сәрсенбісінде шығады және көптеген сала мамандары келеді. Көпті толғандыратын сұрақтарға жауап бере отырып, қатарластарымыздың танымын өзгертуге тырысамыз. Сосын тағы бір керемет жаңалық, жастармен байланыс орнату үшін «Толуң три киши» деген онлайн ұтыс ойыны жүреді. Ол үшін біздің инстаграм парақшамызға жазылу қажет. Ай сайын онлайн түрде өткізіп, жеңімпазға 3 кітаптан бөріп отырамыз. Сондай-ақ Жас Отан ЖҚ әлеуметтік парақшасында ұйымдастырылған онлайн марафондарда (#AbaiDanalayu, #BirgeOzger, «Біз Тәуелсіз елдің ұрпағымыз») қатысушы облыс жастарының белсенділігі жоғары.



**Өсем КАХАРМАНОВА,** «Жас Отан» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының консультанты:

– Біз әр саланы қамтуға тырысамыз ғой. Мысалы, 1 курс студенттері дестүрлі оқыту форматына оралуына байланысты студенттер үйлерінде рейд қайта қолға алынады. «Жас Отан» ЖҚ студенттердің өмір сүру деңгейінің саласын арттыру, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында өңіріміздегі ЖОО және ТЖКБ жанындағы жатақханаларға жүйелі мониторинг жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жанбырлы күндері 5 қабаттың қабырғалары сулаңып, төбесінен су ағады. Тағы да басқа оқиықтарды ескергенде жатақхана күрделі жөндеуді талап етеді. Осындай мониторинг кезінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі жатақханасының күрделі жөндеуді талап ететіндігі анықталды.

Жастандықтар бастамасымен қала тазалығы мен экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде «Таза мекен» эко-ақциясы ұйымдастырылып келеді.



**Диас ҚАНАТАИ,** ЖҚ ҚОФ жоба үйлестірушісі:



Жалғасы. Басы 1 бетте

Диссертацияны тарау-тарауға бөліп, кафедрада қорғайтынбыз. Профессорлардың пікірін тыңдап, толықтыратын тұстарын ретке келтіретіміз. Міне, ғылыми жұмысқа ең әуелі ерікндік керек. Қазір қандай? Докторанттарды белгілі бір күнбе аралық аудиторияға шақырып, лекция оқымыз. Бұл да ғылым үшін артық нәрсе. Мысалы, күнде үш сағат тілдің теориялық мәселесіне қақтысты дәріс тыңдауы оғаш көрінеді. Өрине, артық білімнің зияны болмас, бірақ докторлық диссертацияға қатысы болса бір сәрі. Жалпы докторант өзіне қажеттіні белгілі бір ғылыми әдебиеттерден табады. Сондықтан уақытын орталық кітапханаларда өткізіп тиімді. Менің ең басты келісімім – дүние, докторанттың Scopus-қа енетін журналдарға мақала жариялауы. Енді қараныз, педагогикалық бағытта білім алушы алдымен тақырыбына сәйкес мақала аздап білімнің ағылшын тіліне аударды. Ең аударса бір сәрі. Сөзсіз қаржыға аудартады. Еңбегін шетелдік басшыларға жібереді. Шықса жөн. Жылдап редакцияға шаң басып, шықпай жатады. Шығару тағы қаражатқа көліп тіреледі. Бұл бизнес емей не? Өрине оңай жерден табыс табудың жолы. Scopus диссертацияның негізгі талабы болғандықтан, барлығы шетел басшыларымен қарым-қатынас жүргізіп, еңбегін шығарудың амалын қарастырады. Ана тілдеме қорғайтын докторанттарға Scopus-қа материал шығарудың не керекі бар? Жоғары аттестациялық комитет бекіткен журналдар бар. Мысалы, әдебиетке байланысты «Қазақ тарихы» деген секілді. Сол басшыларға жариялаудың өзін жетістікке жатықсымыз керек. Шет ел басшыларының бизнесін демейтсіз, соған қолма қаржының құнды қажеті жоқ. Scopus-ты отандық ғылымның дамуы үшін жасаланып жатқан дүние деп айтудың қажеті шамалы. Қазір 2-3 докторанттың жұмысы 100 пайыз қорғауға дайын тұр. Мақаласы Scopus-қа шықпағандықтан қорғауға қолы байқал отыр. Міне, осындай жағдайдан кейін болашақ докторлармыздың біршамасы қиындыққа тап болып жүр. Сондай-ақ ережеге сәйкес докторанттың отандық ғылымнан бөлек қалыңдыққа жеткізіліп болады. Яғни тақырып аясында үш қосатын кеңесіңіз. Бұл жүйеге де қарсылық бар. Өйткені жазылған дүниені халықаралық кеңесші оқып, танысады дегенге сенбеймін. Айталық, Англияның ғылыми отандық докторанттың жұмысына қызығушылықпен қарайтынына сенбеймін. Диссертанттың өтініші бойынша пікірін берген сапалы мүмкін. Жоғарыда аталған мәселенің соңғы екісін формализм деп атағанымыз жоқ. Ақ, формализм – ғылымды дамытпайды, қайта кері тегейді.



Асхам АЙМАҒАНБЕТОВ

Ғылым және білім министрі Асхат Айтмағамбетовтың мәліметінше, Scopus деректер базасына докторанттардың еңбегін жариялау қиын емес. Министрдің ғалымдар күнінде берген дерегіне сүйенсек, соңғы бес жылда отандық ғалымдардың әрбір бесінші жарияланғаны әлемнің ғылыми журналдарының топ-25%-ына енген. Сонымен қатар мемлекет тарапынан болашақ ғалымдарды, жалпы докторанттарға қатысты қолдаудың жүйесі өзгерді. Яғни PhD докторлықтың талаптары күшейетін анық.

– 2011 жылмен салыстырғанда Scopus деректер базасында қазақстандық ғалымдардың жарияланғандарының жалпы саны 34,5 есеге, Web of Science деректер базасында 59 есеге өсті. Дегенмен ғылымды одан әрі дамыту үшін елеулі өзгерістер, басқару жүйесі мен қаржыландыру тетіктерін жетілдіру талап етіледі. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Үкіметке қаржыландыруды айтарлықтай ұлғайтуға тапсырды, бұл ретте жүйені сапалы өзгерту бойынша түбегейлі шаралар қабылданып жатыр.

Біріншіден, биыл алғаш рет ғылыми-зерттеу институттарының инфрақұрылымын жаңартуға қаражат бөлінді. Келесі жылы біз

# PhD: Scopus & Web of Science

ғылыми ұйымдардың жабықтыры мен зертханаларын белсенді түрде жаңартамыз.

Екіншіден, ғылыми бағдарламаларды гранттық және бағдарламалық мақсатты қаржыландыруға арналған байқаулар енді үш жылда бір рет емес, жас ғалымдар арасындағы байқаулар секілді жыл сайын өткізіледі.

Үшіншіден, қаржыны бөлу бойынша ашықтықты арттыру бойынша жұмыс басталды. Өтінім сапасына талаптар да қатаң түседі.

Төртіншіден, министрлік жоғары оқу орындары мен академиялық ғылымның интеграциясын жаңдандырады. Біз конкурстық негізде «академиялық басымдық орталықтары» құрылатын үздік 10 оқу орыны іріктейміз деп шештік.

Бесіншіден, ғылымды қаржыландыру көлемі 2020–2022 жылдарға екі есе ұлғайды. 2025 жылға қарай ол жалпы ішкі өнімнің 1%-ын құрайды.

Біз сондай-ақ ғалымдарға әлемдік ғылыми орталықтарда зерттеу тағалымдамасынан өту үшін арнайы гранттар бөлуді жоспарлап отырмыз.

Қазірдің өзінде тіл білімі, тарих, философия, әдебиет және т.б. салада іргелі зерттеулермен айналысатын ірі институттардың ғылыми жобаларын тұрақты қаржыландыруға көшіру жұмыстары жүргізілуде. Олар гранттар алуға тәуелді болмай, тұрақты зерттеулер жүргізуі тиіс. Дәстүрлі гранттардан басқа гранттардың жаңа түрлері енгізілуде: шағын, жедел гранттар мен ұжымға арналған гранттар. Бағдарламалық нысаналы қаржыландыру нақты ғылыми-техникалық міндеттерді шешу үшін ғана бөлінеді. ҰҒК қызметінің ашықтығы артады. Егер бұрын қаржыландыру туралы шешімдер қосымшан даусы беру арқылы қабылдана, енді ашық даусы беру және ұлай жоқ арқылы жүзеге асады, отырастырдың онлайн трансляциясы қамтамасыз етілді. Бірақ бұл жетілдірілмей емес өкініш керіп отырмыз, сондықтан бұл салада әрі қарай да жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ ғылымды цифрландыру және ғалымдар үшін есеп беруді қысқарту бойынша шаралар қабылданады. Қаржыландыруды алу үшін өтінім беру, аралық және қорытынды есептерді тапсыру толығымен сандық форматқа ауыстырылады. Қазақстан ғылымын басқарудың бірінші жүйесі (ҚБББЖ), ғалымдар базасы ғылыми дәйексөздердің қазақстандық индексі әзірленуде. Бірінші қазақстандық ғалым ҚБББЖ-дағы жарияланым тізімі, Жирса индексі, іске асырылып жатқан жобалар және т.б. мәліметтер көрсетілген профайлға ені болады. Гранттың немесе бағдарламаның мақсатын, қаржыландыру көлемін, нәтижелерін, бастапқы өтінім мен есептерге өзгерістер енгізудің барлық кезеңін көрсете отырып, мемлекет қаржыландыратын барлық жобаның ашық базасы да әзірленеді. Осылайша, біз ғылымға бөлінетін барлық қаражаттың ашықтығын қамтамасыз етуді көздеміз. Бұдан басқа аталмыш базалар тімінді басқару шешімдерін қабылдау үшін қазақстандық ғылымның даму жағдайы, үрдістері мен проблемалары туралы объективті ақпарат жинауға мүмкіндік береді.



Серікхан ЖҮЗЕЕВ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3 курс докторанты Серікхан Жүзеев биыл диссертациялық жұмысын қорғауға дайындық үстінде. Еңбегін тиянақтатпай қойған Серікхан үшін Scopus базасындағы алдыңғы рейтингті журналға мақаласын шықса болғаны, қорғаудың алдында тұр. Болашақ

доктор министрінің Scopus жайындағы пікірмен келіспейді.

– Scopus деректер базасына докторанттардың еңбегін жариялау қиын емес дегенге сену қиын. Әсіресе педагогикалық бағыттағы білім алушыларға. Біз оқуға түскен жылы-ақ Scopus базасындағы алдыңғы рейтингті журналдарға еңбегімізді шығару күрделі болатынын біліп, жетекшілерімізбен бірлесіп, мақала жариялауға жұмыс істеді. Екінші курс оқып жүргенде жариялауды орынын таңдағанды болып, мақаламызды шет ел басшысына шығардық. Этнопедагогика және этнопсихология бағыты бойынша мақалам Scopus базасына енген журналға жарияланды. Шыққан кезде қуандық. Бірақ келер жылы елді журнал процентіміз 50 болса да, біздің құрамымыз ғылымға түгенді жұмысымыз бір сәтте күтсе айналады. Десе де редакциямен байланыс орнатып, жаңа басшымыз жолдама беріп сұрап жатырмыз. Бүгінде шетелдік редакция мен докторантты байланыстыратын делдалдар табыла болған.

Кәсіпті еңбекшісің алып, жазған жұмысты белгілі бір уақыт аралығында шығаруға жәрдемдеседі. Бұл қызмет бір жағынан дұрыс секілді. Өйткені редакцияға жолданған мақаланың барлығы бірдей жариялана бермейді. Құнына келетін болсақ, қалтаға қонымыз дей алмаймыз. Делдал мен редакцияның шығару қызметін қоса есептегенде 2 000 долларға жуықтайды. Шыны керек, мақаланы шығару маңызды болғандықтан мұндай соманы төлеуге мұқтажбыз. Одан бөлек білім және ғылым министрлігінің бақылау комитеті ұсынған отандық басшылармен бір Scopus ғылымдарға келіміз үш мағала шығуы тиіс. Соңғы ереже бойынша 4 мақала жариялануы, 2 халықаралық конференция жинағына еңбегім шықты. Университет тарапынан шетелге іс-сапарға шықтық. Халықаралық кеңесшім психология ғылымдарының докторы, педагогика ғылымдарының PhD докторы Жанетта Стойкова Болгария мемлекетінен болғандықтан сол жаққа барғанды күл көрдік. Бізде ұлттық педагогикаға басымдық беріледі. Болгарияда фольклорлық педагогикаға күнделік екен. Методикалық тұрғыда мықты маман болғандықтан, Жанетта Стойкованың әдіс-тәсілін меңгеріп қайттық. Отандық кеңесшім Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Манат Жайылауовпен біржүзегіміз сонда диссертациялық жұмысымын таңды дайындағын пысықтап жатырмын.



Нұрғали АҚЫЛБЕКОВ

Еліміздегі ең үздік оқытушы Нұрғали Ақылбеков техникалық бағытта диссертациялық жұмысты қорғау оңай дегенге келіспейді. Сол бағыттағы ғылыми жұмысын қорғанғанды PhD докторы тәжірибесінде кездескен қиындықтарды айтты.

– Қазір педагогикалық бағытта дәріс берушілер мен докторанттардың арасында техникалық бағыты жеңіл сенімділер бар көрінеді. Бірақ бұл пікірмен келіспеймін. Мысалы, педагогика сапасына білім алушылар зерттеу жұмысын кітапханалардан қарастырса, біз практикалық тұрғыда ізденеміз. Жаратылыстану ғылымдары бойынша химия саласында диссертациялық жұмысымыз бірінші лабораторияда жүргіздім. Өртүрлі зиянды химикаттармен (бензол, ацетон, хлороформ) жұмыс істеймін. Алғашқы кезеңде бензол мен толуол қосылыстары ісік ауруына шалдықтырады. Қатерлі ауруларды алып келетін

зиянды ерітінділермен жұмыс істегендіктен, басымды қатерге тіктім. Міне, көп жағдайда біздің осындай тәуекелге барғанымыз көзге көрініп жатады. Сондай-ақ диссертацияны қорғауға шыққан кезде зерттеу жұмысымызды іспен көрсетеміз. Ал Scopus-қа келер болсақ, жазған мақаламыз әп-сәтте басылмыз бетінен табылады деп айта алмаймыз. Ең алдымен зерттеу жүргізіп, нәтижесін білгеннен кейін мақала жазылады. Бұл да бір ұзақ уақытты талап етеді. Өрине техникалық бағыт әлемдік деңгейдің сұранысына ие болуы мүмкін.

Жалпы докторанттарға кейбір талапкерлердің шарттарына қызығып, оқуға түсетін ғалымдардың өңімісінен байқап қалдық. Рас, докторанттың ең алғаш бөлімі ашылған сәтте шарттары 65 мың теңгені құраса, қазір мұның күрсеткіші 165 мың теңгеге өскен. Алайда ғылымға ынтасымен бет бұрып, ақылы оқуға түсіп, жаңалық ашқан ғалымдарды да кездестірдік. Ол – Жайнағұл Дүйсебекова.



Жайнағұл ДҮЙСЕБЕКОВА

– Мемлекеттің қолдауына ие болып, грант негізінде оқуға қабылданып, ғылымға немісқарайлы қарайтындырды көріп, ішім ашымды. Иә, мен докторанттары ақылы түрде оқыдым. Бір жағынан бұл өзіме мотивация болды. Менің түсінімізде тегін нәрсенің құны болмайды. Өкінібеймін. Білім деңгейін одан әрі жетілдіріп, түбінде PhD докторы атағын иеленім шықтым. Бірақ бұл атақ оңайлаптан жеткен жоқ. Қаншама еңбектің нәтижесі арқылы диттеген мақсатыма жеттім. Екі қызым бар. Диссертацияны өзімнің үшінші балам ретінде қорғауға (күліп). Бұлай айтатын себебім, алдымен идеяны іштей сақтап, толғатып қараға түсірудің өзі үлкен мәселе. Қонымы бір сілтеп, тастап кеткім келген кездер де болды. Жасырғым қайтсем, тіл мамандығында білім алушылар ағылшын тілін жөнді білмейді. Соның салдарынан Scopus-қа мақала жариялауды қиындық туғындайды. Жеке басымның тәжірибесімен бөлісейін. Шетел тілін мектеп жасынан меңгергендіктен өзгелерге қарағанда жеңілдеу болды. Өйткені редакциямен тікелей байланыс орнаттым. Делдалдардың көмегіне жүгініп, қаржы жұмсамадым. Ең сәтті болғаны Scopus-қа мақалам тегін жарияланды. Барлығы бірдей жеңіл бола бермейді ғой. Мендегі қиындық өзге қалаға барып, қорғау болды. Алматы қаласынан Қызылордаға келіп қорғаймын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірген емес. «Қалай қорғаймын?» деген сауалдарға жауап іздедім. Дегенмен Сыр өзіріміз жандығы еңбегімді жақсы бағалап, ғалым болуыма жол ашты.



Бақтияр ОСПАНОВ

Белгілі теолог Бақтияр Оспанов – Қызылордада ең алғаш докторантты ашылған сәтте оқуға қабылданған талапкердің бірі. Бірақ Бақтияр мырзаға әлі де қорғау сәті

бұйырмай тұр. Себебі не? – 2012 жылы Қорқыт ата атындағы университетте докторанттың 12 мамандығы бойынша докторанттарды қабылдай бастады. Сол жылы ғылымға бет бұрып, алғашқылардың бірі болып оқуға қабылдандық. Рас, алдымызда жол көрсететін жан болмағандықтан бізге қиындау болды. Оң-солымызға қарап, бітіріп шықтық. Бірақ әлі де диссертациялық жұмысымызды қорғамадым. Оның бірнеше себебі бар. Алдымен оқуды тәмамдаған сәтте денсаулығыма байланысты 2-3 жыл үзілісте болдым. Біз оқыған тұста ғылымға кенес тек Алматы және Нұр-Сұлтан қаласында болды. Бізде ашылды, бізде жабылып қалып жүрді. Енді сол кенес үш жыл ішінде 3 докторлық диссертация қорғалмаса, автоматты түрде қушын жойып, жабылып қалады. Сондай-ақ Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласында болғандықтан өз түлектері қорғауға мүмкіндік қарастырады. Сырттан келген диссертанттар қалыс келіп, жұмысын сәтті қорғай алмаған сәттерді кездірттік. Өткен жылдан бастап біздің жұмысымызды ғылым кеңесі ашылып, бірнеше докторант жұмысын қорғауға мүмкіндік алды. Енді өз өңірімізде қорғау мүмкіндігі бұйырса, диссертациялық жұмысым 100 пайыз дайын. Scopus-қа да мақалам жарияланды.



ЖОЛМАҒАНАОВА

Жоғарыда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде докторлық жұмысты қорғау үшін қиын кенес ашылғаны аса болды. Сол кенестен алғашқылардың бірі болып, зерттеу еңбегін сәтті қорғап, PhD докторы ғылыми атағына ие болған Ақерке Жолмағанаова тақырыпты дұрыс таңдау өте маңызды деп санайды.

– Жалпы ғылымға ден қойып, оны соңына дейін зерттеп, зерделеген жандар үшін докторанттың талаптары қиын деп айтуға келмейді. Шынын айту керек, докторанттың көбі рейтингті жоғары журналдарға мақала шығарудан қиналып жатады. Бірақ Scopus, Web of Science базасына енетін журналдардың көбі мақаланы дұрыс түрде жариялауының бірі білсе, бірін білмейді. Ол үшін тікелей редакциямен байланысқа түскен дұрыс. Рас, елдегі маңызды ғылыми жанылықтар шетелде өзекті болмауы мүмкін. Сондықтан тақырып таңдауға, оның ғылыми өзектілігін айқындауда шеберлік қажет. Мысалы, диссертациялық жұмысым қазақ эмигранттарының естеліктерін оқытуға бағытталды. Жалпы шетелде зерттеу нәтижесі кезең-кезеңмен зерттелген. Сондықтан бұл шетелдік ғалымдар үшін қызықты тақырыптың бірі. Ал біздің елімізде эмигранттық әдебиет, оны жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі зерттеу нәтижесі кезең-кезеңмен зерттелген. Докторанттарға талапты кез келген адамның бойында ең алдымен ғылымға деген адалдық болуы керек. Сонда ғана ол өз нәтижесін берді. Ал, біздің елімізде PhD докторлықты қорғауға қойылған талаптарды орындай деп есептеймін. Себебі бұл елімізде ғылым саласында берілетін жоғары дәреже болғандықтан, оның өзіндік талабы мен құндылығы болуы шарт.

**P.S. Жалпы докторанттарға оқуға түсіп, тәмамдағаннан кейін, сол жылдың желтоқсан айына дейін қорғау мүмкіндігі ақысыз жүреді. Егер докторант бұл мүмкіндікті мүлтік жіберсе, ақылы негізде қорғауға шығады. Айта кетелік, қорғау қысы ғылыми кеңестің қорытындысына байланысты өтпеледі. Шамамен бұл сома 300 мың теңгеге жуықтайды.**



# ЖҮРЕКТЕГІ ВИРУС

**Кейінгі кездері «коронавирус инфекциясы инфаркт пен инсультті пайда болуына өкеледі» деген түп негізі бөлгісіз ақпарат жиіледі. Әлемде онсызда жүрек-қан тамырлары ауруымен тіркелген науқастар саны жыл сайын артып келе жатқанын ескерсек, бұл дерекке сену-сенбеу қиынға соғады. Бірақ вирустың өзге түрлері ішкі асаға енгені тәрізді, жүрекке де вирустың түсетіні рас.**



Бір анығы, инфаркт жыл сайын жасарып келеді. Бұрын тек үлкендерде ғана кездесетін ауру қазір жас тапталмайтын мамандар да дәлелденіп отыр. Зерттеушілер аталған аурудың көбіне тұрмыс төмен мәліметтерде жиі кездесетіні байқанды. Осы ордайд алдымен аурудың пайда болу себебін тағы бір нақтылауды жөн көрдік. Кардиологиялық орталықтың меңгерушісі Берік Гусманұлы инфаркт көп жағдайда генетикалық жолмен немесе жүре пайда болатынын айтады. Генетикалық жағдайға тұқымқалдырушы фактор әсер ететін депті. Ал екінші себепті адамдардың ауыр тамақтануы, қосымша сырқаттардың болуы, зиянды әдеттер, стресс жағдайлар тудырады. Ең бірінші кезекте атеросклероз, яғни қорнарылы тамырлардың атеросклерозды дақтармен, одан әрі қарай тромбен бітелуінің салдарынан инфаркт болады.

50-59 жастағылар саны 2019 жылы 46 болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 72-ге көбейген. Ал 60-69 жастағы науқастар саны 2019 жылы 68 болса, 2020 жылы 94 адамға жеткен. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының статистикасы бойынша соңғы онжылдақта 25-29 жас аралығында сырқаттанғандар саны 3 есеге, ал 30-40 жас аралығындағы науқастар саны 2 есеге өскенін айтады. Сондай-ақ өлеңдерге қарағанда ер адамдарда ауру белгілері жиі кездеседі. Тағы бір назар аударатын маңызды жағдай, жастарда жас ерекшеліктеріне қарамастан инфаркт ағымы, одан кейін аурудың арқынулары ерте жастағы науқастармен бірдей өтетіні байқалды. Мұны ғалымдар жастар арасындағы созылмалы стресспен, саламатты өмір салтын дұрыс ұстамаумен байланыстырады. Инфарктың негізгі белгілері барлық науқаста бірдей бола бермейді. Көбінесе төс артының қатты ашық, күйдіріп ауырсынуы, ауырсынудың сол қолға, сол мойын, төменгі жақ аймағына, тістеріне немесе жауыры арасына таралуы, ауырсынуы 20 минуттан ұзамай созылуы, қара терсе түсу, қорқыныш, урейлену сезімі, енгізу, дем жетіспеу сезімі болуы мүмкін. Жүректің төменгі немесе арты қабырғасының микрод инфаркты дамыған кезде науқастарда

аспазан тұсының ауырсынуы, лоқсу, құсу сияқты белгілер болады – дейді дәрігер. Енді жүректің вирус жабына орласақ, Дәрігердің айтуынша, асаға вирусты инфекциялар ауа-тамшылары арқылы өнеді. Еуропа өлдері мен Солтүстік Америкада микродит пен кардиомиопатиялардың 75%-ы Коксаки А және В, аденовирус, грипп вирусы екені анықталған. – Кардиальды патологиялық процесс жүректің барлық қабырғалары (перикард, эндокард, микродит) арқылы өткізілетін жүйесі, тамыр эндотелийінің қатпары, яғни вирус осы мүшелерді зақымдауы мүмкін. Мұндай жағдайда клиникалық белгілер енгізу, дем жетіспеу, кеуде тұсының ауырлық сезімі, жүректің қатты соғылуы, өрттің ұзақ бұзылысымен байланыды. Диагностық науқастан соңғы кезде басынан өткерген вирусты инфекцияның болу-болмауын сұрастыру арқылы нақтылайды. Одан бөлек лаборатория (жалпы қан анализінде нейтрофилді лейкоцитоз, эозинофилия, ККФ мен кардиотропты көрсеткіштердің жоғарылауы) инструментальды (ЭКГ, эхокардиография, МРТ, эндомиокардиальды биопсия) тексерулер жүргізіледі. Жүрекке вирустың өмір анықталған жағдайда физикалық күштемелерді

шектее, симптомдық қабынуға қарсы, этиотропты вирусқа қарсы, жүрек шамасыздығын емдеу көрсеткіштеріне қарай оперативті ем жүргізіледі. Вирусты микродиттің жедел түрмен сырқаттанған науқастардың 60%-ы толық айығып шығады. Кейбір жағдайларда созылмалы-рецидивтеуші ағаманда дилатациялық кардиомиопатияларға (шамаман науқастың 21%-ы, 3 жылдың ішінде) өкелуі мүмкін. Бір анығы, көз келген сырқаттан емделген толық айылуына ерте диагностикалану мен уақытылы жүргізілген патогенетикалық емнің маңызы зор, – дейді кардиолог Берік Гусманұлы. Маманның сөзіне сүйенсек, қазіргі медицинаның жүрек ауруларын емдеуге толық міндетінді бар. Соғ үшін өлемде жыл сайын инфарктың себебін жоюға, емдеуге арналған жаңа тәжірибе мен әдістер жасалуда деп айтуға болады. Ал өкпедің жағдайға оралсақ, 2009 жылдан бастап коронардиография, стенттеу мүмкіндігімен, оперативті ем асорт-қорнарылы шунттеу отасан жасау қолға алынған. Барлық емханада сырқаттың алдын-алу мақсатында скринингтік тексерулер жүргізу де жолға қойылған. Алайда халық арасында аталған аурудың белгілерін толық білмегеннен

уақыт жоғалтып, дәрігерге дер кезінде қаралмаудың салдарынан ауру санын азайту мүмкін болмай тұрғаны саға мамандарды да алаңдатып отыр. – Коронавирусты инфекцияның пайда болғанына өз уақыт болуына байланысты өлде зерттеу алаңында десек болады. Бұл вирус жүрекке тікелей әсер етіп, инфаркты алып келеді деген нақты анықтама жоқ. Алайда соңғы 2 жылмен салыстырғанда ауру санының көбейгені байқалды. Коронавирустық инфекцияның асқынаты артериялардың тромбозы екені анықталды. Мүмкін осы себепте тө қорнарылы тамырлардың тромбозын тудыруы мүмкін деген түсінік бар. Көпшілік пікірінде «адам бір рет инфаркт алса, тағы да қайталанса немесе инфаркт алған адам қалпыты өмірге орала алмайды» деген пікір бар. Бұл қате түсінік. Оның барлығы науқасты өзіне байланысты деп ойлаймын. Егер науқас дәрігер тағайындаған тағайындаулар толық сақтаса, яғни барлық дәрілерді уақытында ішіп, сағаматты өмір салтын ұстанса, қайтадан қалпыты өмірге оралады, – дейді медицина маманы.

Гүлдана НҰРТАҚЫЗЫ

## ЕЛ ЕКПЕДЕН ҮМІТ КҮТЕДІ

Қазақстандықтардың 56 пайызы екпе салдыруға қарсы емес. Қалған пайызы бұл сұраққа жауап бере алмаған. Ел тұрғындарының екпе туралы көзқарасын білу мақсатында сауалнама жүргізген BISAM Central Asia әлеуметтік және маркетингтік зерттеу орталығы осындай қорытынды шығарды. Ал өлем бойынша Gallup International қауымдастығы жүргізген сұрақ-жауап нәтижесі 47 өлдің 67 пайызы вакцина сапалы әрі тиімді болса, екпе егуді қолдайтынын көрсетті. Сондықтан мамандар ел арасындағы вакцина туралы теріс пікірлердің бәрі шыңдыққа жанаспайтынын айтады.

ТАСС агенттігінің БАҚ-тағы ресми ақпарат негізінде жүргізген есебіне сәйкес өлем бойынша коронавируска қарсы вакцина алған адамдар саны алғаш рет ауру жұқтырғандар санынан асқан. Бүгінде вакцина ең көп салынған ел – АҚШ, мұнда 33,7 млн адам екпе алған. Екінші орында Ұлыбритания, төңіз сырғанды аумақтар, Норвегия аралдары және Мек аралы есептенде 10,2 млн адамға вакцина егілді. Үшінші орында – Израиль, өлде 5,05 млн адам егілді. Ал жалпы еу басталғалы өлдерде екпе салдырғандар саны 600 адамнан асты. Олар

екпе салынатындардың бірінші кезеңіндегі медицина қызметкерлері екенін білеміз. Ақ халаттылар ресейлік вакцинаны алғысы келмесе, қазақстандық өкпені күте алады, – дейді. Бірақ, ең бастысы, әрбір медицина маманы өзінің тәуекел аймағында екенін түсіну керек. Инфекциялық стационардың қызметкерлері үнемі қызыл аймақта жүреді. Олар вакцина алмаса, өзінің өмірімен бірге жаңындарының денсаулығына қауіп төндіретінін ұғуы қажет. Олардың бәрі медицина маманы болғандықтан вакцинадан басқа балама амал жоқ екенін біледі. Сондықтан вакцина таңдау еркі берілген.



## ТІС КҮТІМІ ӨМІР БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Сау тіс – денсаулық көпірі. Адамның ажары да тіс. Тіс мықты, аппақ, тұзу болу үшін ауыз қуысының күтімін бала кезден бастаған жөн. Баланың тіс күтімі туралы не білу керек? Бұл туралы тіс дәрігері Құралай Әмірзаққызын сұрап көрдік.

Тіс ЖІБІН ҚОЛДАНЫҒЫЗ Тіс дәрігері сіздің тісіңізді тексермей-ақ, күлкіңізге қарап, тіс жібін қолданады ба, әлде тіс шыққызы пайдаланасыз ба, бірден айтып бере алады. Оны тісіңізді қалып қойған тағамдардан емес, тіс етінің тұрғын аяқтарынан емес, тіс етінің тамақ қалдықтарын тазартпаса, тіс еті қабынып кетеді. Сондай-ақ шұқшыш пайдаланатын адамдардың тістерінің арасы ашылып кетеді. Біз «неше жылдық тіс қой, жылжып кетпес» деп ойлауымыз мүмкін. Десе де, тіс жылжыды екен. Сондықтан осы тіс жібімен кем дегенде күніне бір рет тазарту керек.

ШЕКТЕН ТЫС АҒАРТУ Үй жағдайында тісті ағарту күрдіңіз бе? Бүгінде тіс емханаларында орташа ағарту 5000 теңгеден басталады. Осы тұста көпшілік «біреуге ақша бергенше үйден өзін тазартып алары» деп кіріспі кетеміз. Алайда, тіс ағарту, Себебі, тіс эмалін жұқартып алуымыз мүмкін. Өйткені біз үй жағдайында ағартқыш қоспаны мөлшермен дайындауды, құралды дұрыс пайдалануды білмеуіміз мүмкін. Мамандар үйде тіс ақ содасымен атпасына бір рет қана тазалауға болатынын, емханада 1 айдан бір рет тазартуға болатынын білгеніміз болары. Естеріңізге алғанды естеріңізге аламын, соң, 48 сағат өткенше кофе ішуге, темекі тартуға және боюға бар суыңдар мен азық-түлік қолдануға болмайды. Ал тісті табиғи жолмен ағарту үшін қышқылы мол жеміс-жидек (ананас, алма, алмұрт, құлпынай) жей керек.

«НАШАР» ТІС ДӘРІГЕРІ Дәрігер іздегенде беріміз дерлік тұмштардан, тәйістардан сұраймыз, ғаламтордан қараймыз. Өйткені берімізге маманның қасиеті болғаны ұнайды. Бірақ бұлардың барлығы жақсы, қасиеті маманның қолына түсетінінегізге келіп бола алмайды. Осы тұста «нашар» тіс дәрігерінде болатын белгілерді ұсынамыз. 1. Егер дәрігер ем күрделі заттар туралы түсінікті тілмен жеткізе алса, сіз оны жақсы түсінесіз, алдында отырған маманның қасиеті болғаны. Білісіңіз тіс дәрігері ғана білімділігін бос сөздер, түсінісіз атуалар астарында жасырғысы келмейді. 2. Қасиеті маман ісіне неқұрайлы қарайтын адамның тағы бір белгісі – сырт бейнесі мен қолдары. Егер дәрігеріңіз сырт келбетіне мен бермейтін болса, те арада басқа дәрігер тапқаныңыз дұрыс. Дәрігердің қолы – негізгі жұмыс құралы. Ол арқылы көп нәрсені аңғаруға болады. 3. Дәрігердің жұмыс құралдарына ер уақыт назар аударыңыз. Үлкеніткіш шыны немесе микроскоп сияқты заманауи құрылғылардың болуы – өз қызметін құрметтеуіңізді дәрігердің нышаны. Нашар тіс дәрігері мұндай құрылғылармен мақтана алмайды. 4. Сізді алаңдатып тіс маңызды мәселе – бір дәрігердің бірнеше мамандықты қатар алып жүруі. Жақсы клиникаларда емдеу және ем жоспарын құрғанда, түрлі мамандық дәрігерлері белгілі бір жүйелілік бойынша қатысады. Адина ЖОМАРТҚЫЗЫ



## ВИРУСПЕН РОБОТ КҮРЕСЕДІ

Пандемия жер бетіндегі халықтың өмір сүру салтын өзгертті. Адамдар цифровизацияға тәуелді бола бастады. Гонконгта пандемияға қарсы күресте София атты робот шықты. Күлтемір сөйлейді, жүреді, шарауға көмектесе алады. Мамандар болашақта оны ауруханалар мен қарттар үйінде қолданған дұрыс дейді.

Софияға орнатылған камера арқылы адамның дене қызуы тексеріліп, егде жастағы жандардың таңғы жаттығуына көмекші тигізеді. Компания басшысы Билл Бұл роботтың мына жұмыс данасы сатылымына шығарды деп жоспарлап отыр. Жасанды интеллекті бар күлтемір тіпті Сауд Арабиясында азаматтық алып үлгерген. Билл роботтың мыңнан аса данасы шығарды деп күтілуде. Ол адамға қатты ұқсайды. Сондықтан адам оқшауланған кезде роботтың тигізетін көмегі зор болмақ. Адам тіпті жалғыздықты сезінбейді. Германияның Мюнхен ауруханасында да Франциско есімді робот

медицина қызметкерлеріне көмектесіп жүр. Күлтемір гимнаторы тазартып, науқастармен әзілдесіп, тіпті ән айтып беретін көріндеді. Салғамы 200 келі роботтың құны 43 мың еуро шамасында. Қазір ол сынақтан өткізіліп жатыр. Сатылымыға тек сынақтан шығу өткеннен кейін шығарылады.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНАН ЖҰҚПАЙДЫ Ғаламторда «ит пен мысық коронавирустың ауырды» деген ақпарат тарайды. Соған сай қаладағы ветеринарлық клиникаларға қонырау шалушылар саны күрт көбейген. Сапа мамандары коронавирустың инфекциясы ит пен мысықтан адамға жұпалытынын мәлімдеді. Тіпті адамнан үй жануарына жұғу дерегі де бүгінде дейін тіркелмеген екен. Себебі жануар мен адам жасушасы әртүрлі болады. – Мысық пен иттің ағзасындағы коронавирустың инфекциясы бізге бұрыннан таныс. 2007 жылдан бері үй жануарларының ағзасынан коронавирусты анықталып тұрады. Адамға тіпті коронавирусты бета вирусы, ал мысықтарға төн коронавирусты альфа вирусы жатады. Ал альфа мен бета арасында ешқандай мутация болмайды, – дейді ветеринар Айдын Әмітов. Демек үй жануарларынан қорқудың қажеті жоқ. Адина ЖОМАРТҚЫЗЫ

**Семинар-тренинг, коучтардың сабағы, психологтердің қабылдауы дегендер енді шыға бастаған кезде елден қалмайық дегендей, құрбым екеуміздің әлдебір психологы жеке қабылдауына жазылғанымыз бар... Бір адамға – он бес мың теңге. Өмірі психологтың алдын көрмеген басымыз бүкіл сұрағымызға жауап тауып беретіндей іштей үлкен дөмеміз бар. Төлеп қойған ақшамыз да – біз үшін қадімгідей үлкен қаражат.**

## ЖАНТАНУ ДА БІР ТЫЛСЫМ



Бір жағы не айтатыны да қызық. Үлкен бір олжамен шығатын сияқтымыз. Бірақ қызық болғанда, аяғы айқастырып қойып: «Не айтасын, не мәселен бар?» деп жоғарыдан қарап, суық қабақ танытқан психологты көргенде, көңілім су секкендей басылған. Менен кейін кірген құрбым да «түк айтады» деп ренжіп шығып, оған берген отыз мың теңгемізге ішіміз ашып, айтылған жарнамаға сенсе бермеу керек екен деді. Кейін ол психологтың қасиеті маман еместігін де білдік.

Содан бері, кімге болсын сақтықпен қарайтын бізді қоспағанда, психологтың көмегіне жүгініп, қабылдауына жазылған адамдар саны көбеймесе, азайған жоқ секілді. Өйткені инстаграм әлеуметтік желісін ашып қалсаңыз, елдің бәрі «қалды», елдің бәрі «психолог». Олардың ішінде қасиеті маман жоқ дегуден аулақпын.

Жалпы, кімге бара жатқаныңды біліп, маман таңдауда қателеспеу керек де сәздің мәселесінді жартысын шешіп беретін секілді. Мәселен, екі баланың анасы. Жанай өзінің қала тұрғыны психолог маманға барып, өмірінің қадімгідей өзгергенін айтады. Жанайдың мәнзіндегі жақсы өзгерісті күйеуі де байқаған. Оз-өзіне қарап, өзімен жұмыс жасағалы оның өміріне береке кіріп, алға қойған мақсаттары да орындала бастаған.

Осыдан он шақты жыл бұрын жұртта психологтың қабылдауына тек қана әлсіз және психикалық ауытқушылығы бар адамдар келеді деген ой болатын. Бірақ қазір ондай тәр түсініктен арылып келеді. Қазір жұмысы, қызметі бар, үлкен дәрежеге жеткен тұлғалардың өзі психологтың көмегіне жүгініп жатады. Мамандардың өз сөзімен айтсақ, түпкілді мәселені шеше алмай, жан-дүниесінің тынышлығын іздеген адамдардың барлығы психологтың қабылдауына жазылады. Оларды жұртпен қарым-қатынас мәселесі, әкеші, ата-әне, туған-туыспен арадағы жағдай мазалайтын болып шығады. Оның ішінде ерлі-зайыптылардың өзара түсінісе алмауы да бар.

Менің қабылдауыма көбіне 18-35 жас аралығындағы қыз-келіншектер, 25-40 жастағы ер адамдар келеді. Бірақ соңғы уақытта алтыстағы ер жақ-бер жағындағы әйелдер де келе бастады. Көбінің ұзақ жыл отасқан күйеулері қайтыс болып, күйзеліске түскен. Өздері ешқашан жұмыс істемей, күйеулері асырағандықтан, одан айырылған соң жаңа өмірін шындығына бейімделу қиындық туғызған. Соңғы кездері ер балалар да көп келеді. Олар «Өзіме сенімсізбін, жаман ой көп мазалайды, ол

ойлардан қалай құтылсам болады, адамдармен тіл табыса алмаймын, көп адам жүрген жерде жүргім келмейді» деген сұрақтарға жауап тапқысы келеді. Оз тәжірибемнен алсам, қанша ақпан айлары мен қыркүйек кезінде психологке жүгінетін адамдар көбейеді. – дейді Сымбат Әбдірахман.

30-35 жастаң асқандар да жиі психолог жағалайтын көрінеді. Олар – өмірден өз орнын таппай жүрген жұмысы, қызметі жоқ, осы жаққа келгенше «мен не істейді» деп өзіне сұрақ қойып, соған жауап таба алмай жүрген жаңдар. Балаларын өте мазаңыз, ұялы телефон, планшетке көп отырады деген шағыммен келетін аналар да бар көрінеді.

Жаңа жылға жоспар құрып, ескі жылға есеп берген кезде қолыңан келмейтін арманды жазып, сол жүзеге аспаған соң күйзеліске түсіп келетін қалайықтар да бар көрінеді. Маманның айтуынша, Сондықтан қасби маманның көмегіне жүгінер кезде оның кім екенін, өз саласындағы біліктілігі қаншалықты екенін тексеруді ұмытпаңыз.

Адиана ЖОМАРТҚЫЗЫ

## СЛЕЖТЛЕЖ сөйлеу тренд не?

Ағылшын тілінде «сленг», «жаргон» деген сөздер бар. Олар – фразеологизмге ұқсас, өзіндік лексикалық мағынасы бар, бірақ фонетикалық және грамматикалық жүйеге бағынбайтын сөздер тобы. Былайша айтқанда, сөздердің өзгерген түрі. Әлеуметтік тіл десе де болады. Бүгінде кей жастар осы сленгпен сөйлеуді санға айналдырып, оны тіпті мақтаншы көретін болған.



Күнделікті «базар жоқ», «сындырды», «лапша ілді», «құлақтан тегті», «картопты жарды», «тартып», «қуады екенсің», «бітіп қалдым», «лақтырып кетті», «жыртып», «қояның суретін салып кетті», «қораға кірді», «балта қадады», «өшті», «мат қылды», «ат екенсің», «күлдіден қырылып қалды», «шашып тастады», т.б. сөздер мен сөз тіркестерін жиі естіміз. Әсіресе, мұны жастар жиі қолданады. Енді бұл сөздердің мағынасын ашып, түсініп көрейік. «Базар жоқ» – айтуға сөзім жоқ, тамаша, өте жақсы, кереметі «Сындырдының» – екі мағынасы бар: жігіт қызды сындырып алды десе, онда ол жігіт қыздың көңілін өзіне аударды, келісімін алды, қаратты дегенді білдіреді. Ал егер ақша сындырды десек, онда күшпен ақша жинап алды деген ұғымды береді. «Лапша ілді, құлақтан тегті,

қояның суретін салып кетті» – алпап кетті, саза отырғызды, «картопты жарды» – әзілдеді, «тартып» – қатара қосып, кел. «Бітіп қалдым» – ғашы боп қалдым, «жыртып» – өз дегеніне жетті, мақсатына қол жеткізді, таңқалдырды, «қораға кірді» – сөтсіздікке ұшырады, «ат екен» десе – сұлуды айтқаны, «крикол ұстады» – маза етті, келеке қылды, ал «өшті» жеңді деген секілді мағына береді. Бұл сөздерді біздің де жиі естіп жүрміз. Бір туысымыздан осының мәнісін сұрап едім, «Трендтен қалмау керек қой енді. Осылай сөйлесен белсенді болып көрінесің» деп жауап берді. Тағы біз біле бермейтін тренд деген бар екен. Ал тілдің тазалығы не? Таза сөйлейтін адам «трендке» кірмей қала ма?..

Адиана ҰЗАҚБАЕВА

## КОМИКС – ӨМІРДІҢ БІР ТҮРІ



**XX ғасыр экономика, саясат, идеология және мәдениеттің өзгеруі нәтижесінде дүниетаныма үлкен өзгеріс әкелді. Соңғысы, өз кезегінде шығармашылықтың, ұжымдық және жеке өзін-өзі көрсетуінің жаңа түрлерінде жедел дамуын көрсетті. Бұл кезде бұқаралық мәдениет сияқты құбылыс қалыптаса бастады. Комикстер осы дәуірдің ажырамас құбылыстарының біріне айналды, ол бүгінге дейін жалғасуда. Олардың алғашқы пайда болуын үңгірлердегі кескіндемелер деп санауға болады, ал XX ғасырда қалыптасқан дәстүрлер болды. Бүгінгі таңда Супермен сияқты кейіпкерді білмейтін адамды көздеріңіз қиын. Осы мақаланың аясында сіз осы құбылыспен жақынырақ танысасыз. Комикстер дегеніміз не, қайдан пайда болды және олар шын мәнінде пайдалы ма?**

«Комикс» ағылшын екі сөзінің бірігіуі нәтижесінде пайда болды: comic (комикс, күлкілі) және strip (жолсақ сурет). Комикс сөзі өз мағынасында XX ғасырдың 90 жылдары жарық көрген Нью-Йорктегі ірі газеттер арасындағы бәсекелестік күрестің нәтижесінде пайда болған. Бірақ өнер түрі ретінде комикстер Ежелгі Египет және мессопотамиялық мәдениеттерде пайда болды. «Суреттерді әңгімелерді» одан әрі дамуы XVI және XVII ғасырларда, библиялық тақырыптағы мөтіптер мен әулиелердің өмірін сурет бойынша әңгімелеу және гравюралармен бәсеңдірілген кезде пайда болды. XIX ғасырда Эпизодикалық калық бұл өнерді өндіріс көзі етіп алды. Пеллернен фабрикасында 16 асық сурет 600-ге жуық хижя басылып шыққан. Осыдан кейін жасқалған адамдар да өз бетімен суретті хижяқтар жазып, тарата бастаған. Техниканың дамуымен қатар комикстер де дамыды. Сонымен жаңа полиграфиялық техника, атап айтқанда, түсті басып шығарудың пайда болуымен алғашқы түрлі-түсті комикстер пайда бола бастады. Алғашқы түрлі-түсті комикстер 19 ғасырдың соңында Джозеф Пулиттер шығарған. Болған суреттер оқырмандарға ақ пен қара түстен гөрі ұнады. Оқырмандардың назарын одан әрі аудару үшін Пулиттер түрлі-түсті жолақтар мен иллюстрацияларды, соның ішінде комикстерді көптеп шығарған.

XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басында комикстер бөріне танып пішінге не бола бастады және қазіргі заманғы комикс деп аталатын форманы қабылдады. Дел осы уақытта National Allied Publications және Timely Publications сияқты баспапар пайда болды, олар кейіпкер DC Comics және Marvel Comics деп аталды. 1938 жылы маусымда АҚШ-та Action Comics алғашқы шығарылымның беттерінде алғаш рет супердөржаваларға ие болған маньяды кейіпкер – Супермен пайда болды, оның аты кейін бүкіл әлемге танымал болды. Бұл супергеройдың бейнесін Джерри Сигель және Шлоуер Шандуа бұрынғыдан да бәсекелестік тудырады. Кітап немесе фильм сияқты жақсы комикс ұмытылмас тәжірибе мен жаңа тәжірибені кешенін ұсынады. Комикстер оқырманмен қарапайым, бірақ маңызды тақырыптарда ашық және шын жүректен сөйлеседі. Комикстің көмегімен сіз біріннен аулақ бола аласыз, уақытты тоқтатып, қызықты оқиғадан ләззат ала аласыз.

кейіпкерлері: Темір адам, Америка қалптанасы, Өрмекші адам, X-Men, Hulk, DC-дің ең танымал кейіпкерлері: Бэтман, мысық әйел, Джокер, Жағайыл әйел, Харли Квинн. Бұлар туралы сіз толықты білетінінжіңіз сенімдімін.

Қазақстандағы комикс жайлы айтайық. 2010 жылдан бастап Klapcomics ұлттық батырлардан қатысуымен комикстер шығарды. Америкалық комикстер айырмашылығы, қазақстандық батырлар өздерінің ата-бабаларын құрметтейді, басықларға, аруқтарға жүгінеді, рухани өседі және күш ала отырып, оны жақсылыққа пайдаланады. «KazakMAN» – біздің заманымыздың ұлттық батыры туралы жаңында ғана жарық көрген комикс. Батыр өсімді жас жігіт халықты түрлі қиындықтан құтқарып, қоғамның құрметіне ие болуы үшін жауынша Бірақ оның бұл әрекетіне ата-анасы да, достары да сенбейді. Алайда оған қарамастан ол өлі де адамдарға көмектескісі келіп, зұлымдықпен күресуге тырысады. Комикс авторы – Бексұлтан Қазыбек қазақстандықтарға Jokesses ваһинері ретінде танышам. Екі жыл бұрын ол өзінің өзін-өзімен талантты комикстер жасауға бағыттайды. Қазіргі батыр «KazakMAN» осылай дүниеге келген. Қазақстандық өзін-өзі екіш-комиксі 15 мың дана таралыммен шыққан және қазақстандықтар арасында танымалдылыққа ие болып келеді.

Қазіргі комикс дәуірінің оқиғалары әлемді құтқару, әділетке жақтау мақсатымен шығарылып жүр. Ерекше күшке ие қайармандар қарасты ұрпақтың жақсысы абраздар да комикстерде көрініс алып жатыр. Парақ бетінен киноиндустрия бағытына сырып барған бұл өнер ер дәуірде әртүрлі танылып келеді. Негізі екі ғасырдың ішінде комикстер үлкен серпініс жасады және газет жолақтарынан миллиардаған франшизаларға айналды. Бірақ сонымен бірге олар өздерінің өзіндік балалық сүйімділігін жоғалтты. Бүгінгі таңда қолмен жазылған әңгімелердің жаңалары мен түрлерін таңдау бұрынғыдан да бәсекелестік тудырады. Кітап немесе фильм сияқты жақсы комикс ұмытылмас тәжірибе мен жаңа тәжірибені кешенін ұсынады. Комикстер оқырманмен қарапайым, бірақ маңызды тақырыптарда ашық және шын жүректен сөйлеседі. Комикстің көмегімен сіз біріннен аулақ бола аласыз, уақытты тоқтатып, қызықты оқиғадан ләззат ала аласыз.

Жансая ТІЛЕУ

## XXI ҒАСЫРДЫҢ САУДА ОРНЫ

Интернет технологиялар бүгінде компьютерде ақпаратты тасымалдау мен өңдеу бағытында дамушы және қолайлы мүмкіндік ретінде саналады. Осы бағытта пайдаланылатын қолданбалы бағдарламалар саны күннен-күнге артуда. Интернет бұл – әртүрлі ақпарат көзіне қолайлы жол. Мысалы, өз алдына оқу, интернет-дүкендер, интернет-банк және басқалары. Ғаламтор – әлемнің әр түпкіріндегі адамдармен араласуға, кез келген қажетті ақпаратты тез, әрі қолайлы түрде іздеп табуға, түрлі тауарларды алуға, сатуға, бүкіл әлемге хабарлағысы келген деректі көпшілік үшін жариялауға мүмкіндік беретін барынша күрделі, әрі жоғары технологиялық жүйе. Ғаламтор бірте-бірте сауда жүйесіне еніп, сауда жасаудың өң тиімді жолы тұтынушының уақытын үнемдейді. Қазіргі заманда дүкен аралап жүргеннен гөрі интернет дүкеннен тапсырыс беретіндер саны өте көп. Осыған қарап ғаламтордың болашағына сенуге болады.



Бүгінде супермаркеттер, үлкен, кіші сауда орталықтары желілері саудаға қызығушылық таныта бастаған. Әлеуметтік желінің қай түрін алсаңыз да, түрлі сауда орталықтарының жарнамалары толып тұр. Тіпті кішкене ғана енді ашылып жатқан дүкендердің де жеке сайттары мен әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Адамдар күні бойы дүкен аралап іздегенін тапқанша, компьютер немесе ұялы телефон арқылы жарты сағат ішінде жүздеген заттың тапсырыс беріп, үйінен алыстамай-ақ сауда жасай алады. Бұл интернет-дүкеннің ең қолайлы тусы.


Егер бұрын интернет-дүкенді жай тауарлардың фотосуреттері бар виртуалды көрме дөсек, қазір ол біздің өміріміздің ажырамас бөлшегі секілді. Бірде азық-түлік пен күнделікті қажетті заттардан бастап, сәнді зергерлік бұйымдар мен саяхатқа арналған жолдамаларды сатып алуға мүмкіндік бар. Ғаламтордан барлығын сатып алып өмір сүру қиын емес. Бірақ бұл дегеніміз интернет-дүкендерден тек қана тауарлардың суретін тамашалап, арзан бағаммен тапсырыс беру емес. Қазіргі заманғы веб-дүкен бұл – сатып алушыны зат алуға ұмылғаннан бастап, одан кейін де нұсқау беріп отыратын ағылды интерактивті механизм. Брендер, өнімдер мен қызметтер туралы толық ақпарат, анықтамалық материалдар, мақалалар, кеңестер, шолулар, ұсыныстар,

бонустар, тілектер тізімдері, салыстыру мүмкіндіктері, желіңдіктер, пошталық хабарламалар, әлеуметтік желілердегі жарнамалық акциялар және т.б. – қазіргі заманғы интернет-дүкендердің мүмкіншіліктері.

Сонымен қатар интернет-дүкендер неге үлкен танымалдыққа ие? Себебі: – Көп тауарлар қадімді дүкендерге қарағанда арзанға қалады; – Интернет-дүкенде тұтынушы уақытын үнемдейді. Олар демалысы және мейрам күндері де жұмыс жасай береді; – Сіз қаладан жерге (кеңсеге, үйге) тегін жеткізеді; – Төлем қолма-қол ақшамен, пошталық немесе банктік ауадырыммен тез әрі оңай төленеді; – Олар жиі акциялар өткізіп, түрлі сыйлықтар таратып отырады; – Тауар туралы анық ақпарат алуда. Қарапайым дүкендерде тауар жөнінде кешеншілерге көп сұрақ қоясыз, бірақ олар сізге толық ақпарат бере алмайтын жағдай жиі болып жатады. Ал бұнда сіз тауарға берген басқа тұтынушылардың бағасы мен пікірін біле аласыз. Шетел тұрғындары үшін интернет-дүкендерде сауда жасау қарапайым дүкендер сияқты күнделікті дағдыға айналған. Біз де солай деуге болады. Қазір барлығы үйіңде отырып, тапсырыс бергенді жөн көреді. Интернет-дүкеннің дәуірлейтін шағы өлі ады.

Жансая УӘЛІҚЫЗЫ

# ОЛИМПИАДА УАҚЫТЫНДА ӨТЕДІ



**Халықаралық Олимпиада комитетінің президенті Томас Бах Ұлттық Олимпиада комитеттерінің басшыларымен кеңейтілген телеконференция өткізді.**

Күн тәртібінде өте маңызды мәселелер қаралды. Екі сағаттан аса уақыт бойы қатысушылар ғаламдық пандемия спортшыларды вакцинациялау, БҰҰ резолюциясы мен алдағы Токио-2020 және Бейжің-2022 Олимпиадаларына дайындықты талқылады. Жиын барысында сөз алған Томас Бах 2021 жылдың қарбалақса толы болатынын атап өтті. Өйткені Токиодағы Олимпиада ойындарынан кейін 6 ай өткен соң қысқы Олимпиада ойындары басталады. Мұндай жайт тарихта алғаш рет болғалы тұр. Қазіргі сәтте ХОК екі ірі спорттық іс-шараға толыққанды дайындық жүргізуде. Томас Бах Токио Олимпиадасы қарсаңындағы түрлі сыбыстар мен қауесеттерге ғойтарыс беру үшін Олимпиадалық қозғалыстың бірлесіп жұмыс істеуі қажеттігіне ерекше тоқталып өтті.

«Қазір Олимпиадалық қозғалыстың бар назары 2020 жылғы Токио ойындарына бағытталған. 21 қаңтардың кеші мен 22 қаңтар күні жаңалықтарда Жапонияның Олимпиаданы өткізуден бас тартатыны туралы арандатушылық бағыттағы жазбалар көп болды. Бірақ бұл жалған ақпарат. Мен баршаңызды тек қана ресми дереккөздер мен ХОК-тың ресми мәлімдемесіне сенуге шақырамын. 22 қаңтар күні Жапония билігімен телефон арқылы сөйлестім, олар Жапония билігі атынан ресми мәлімдеме мүлде болмағанын айтты. Тағы да қайталап айтамын, Олимпиада ойындары мен барлық жарыстар және іс-шаралар жоспарланған уақытында өтеді. Осы салаға қызығушылық танытқан тараптардың бәрі де Ойында сәтті өткізу үшін тынымсыз еңбектенуде. Сондықтан «Б» жоспарын ойландыруға негіз жоқ. Жапония нақты қадамдар арқылы бұл Ойында өткізуге дайын екенін баршымызға көрсетті. Сондай-ақ елдегі саяси пікірталастарға қарамастан Қытай

да қысы ойындары өткізуге әзір», – деді ХОК президенті.

ХОК басшысы Олимпиада ойындарына қатысушыларды вакцинациялау туралы да айтты. Томас Бах осы сұраққа қатысты

Ұлттық Олимпиадалық комитеттерге көмектесуге уәде беріп, барлық спортшыларды вакцина қабылдауға шақырды. Алайда вакцинациялау әр спортшының еркі бойынша жүргізіледі.


Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы Жапония және ХОК-пен бірлесіп отырып коронавируспен қарсы шаралар тізбегін жетілдірді. Осы орайда, спортшылардың келуі, олардың қозғалысы, тестілеуді ұйымдастыру және жарысқа қатысуға дейінгі барлық аспектілер есепке алынған. Жапония билігі жарыс кезінде көрермендер мен жанкүйерлерді трибунаға кіргізу мәселесін мұқият зерттеуде. Томас Бах барлық сауалдар мен маман кеңестерін талқылаған соң, ХОК өз ұсынысын жеткізетінін мәлімдеді.

«Жапония Олимпиада ойындарын асыға күтуде. Олимпиаданың басталуына бар болғаны алты ай қалды. Дайындық қарқынды жүріп жатыр, әр минут сайын алғабасушылық байқалады. Жапония билігінің ойындан бас тартатыны туралы жақында шыққан жаңалық – жалған ақпарат. Біз күн сайын түрлі халықаралық және жергілікті ұйымдар мен спортшылардан қолдау хат аламыз. Бізге мұндай қолдау аса қажет. Бізге әрқайсысының қолдауларыңыз керек. Осыдан-ақ ойындардың құндылығы орта түседі. Бірақ біздің мақсатымыз орта», – деді Жапония Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті Ясучиро Ямашита.

ХОК басшысы наурыз айында өтетін ХОК-тың 137-ші Сессиясы 2021 жылғы Олимпиада ойындарына дайындықтың аяқталуы мен қовид кезеңіндегі Олимпиадалық қозғалыстың болашына бағытталатынын айтты. Сессия ақталған соң Ұлттық Олимпиада комитеттерімен тағы бір кездесу өткізу жоспарланған. Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитеті спортшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қашанда басымдық береді. Қазіргі сәтте Ұлттық Олимпиадалық комитет Қазақстан ұлттық федерацияларымен бірлесіп отырып, алдағы Олимпиада ойындарына дайындықты жалғастыруда.

## ДАНИЯР ДАЙЫН

**Белгілі боксшы Данияр Елеусінов былтыр қараша айында намибиялық Джулиус Индонгоны өкінішті раундта техникалық нокаутпен жеңіп, жартылай орта салмақта IBF Inter-Continental чемпионы ваканттық белбеуін иеленіп, Алаш жұртын қуанышқа бөлегенің көпшілік әлі ұмыта қойған жоқ. Осы жеңісінен кейін қазақ боксшысы да BoxRec рейтингінде бірден 39-орыннан 26-орынға көтерілді.**



Бүгінде Данияр кез келген қарсыласын жолығып, әлем чемпионы атағына таласуға дайын.

– Осы жылы маған рейтинг көтеретін кездесулер өткізу керек. Оның бәрі материалдық тұрғыдан біраз қаражатты қажет етеді. Бастапқы кезде мен асығыс шешім қабылдауды ойлаған жоқпын. Кәсіпқой бокстың қыр-сырын түсініп алуды, өз салмағымдағы қарсыластарымды зерттеп алуды оқидым. Тәжірибе жинауға болатын қарсыластармен жеке-жеке өткіздім. Уақыт өте деңгейіміз артып келе жатыр. Қараша айында кездескен қарсыласым Индонгоның өзі 33,5 кәсіпқой бокс кезінде екі-үш белбеудің иегері болған. Оларды Әдуард Троляновский, Рики Бёрнс,

Теренс Кроуфордтан алды. Оның жеңісіне бастапқы кезде көбі сенбеген. Бірақ Индонго мықтылығын көрсетті. Маған ең қауіпті деген қарсылас сол болды. Бірақ аталған жеке-жеке менің асығым алшысынан түсті. IBF, WBO тұжырымы болсын, рейтингте жоғары тұрған қарсыластармен кездесуді жоспарлап отырмыз. Сергей Лилинец, Кастю Клейтон, Кэит Обара сынды боксшылардың қай-қайсысы да үздік боксшылар. Алдағы уақытта осылардың арасынан лайықты қарсыласты промоутеріміз бірге таңдаймыз. Қарсыласым, жеке-жеке уақыты мен өтетін жері әлі нақтыланған жоқ. Жаңалық болса, белбуге асықпын, – деді Данияр. Жұырда Asianboxing.info сайты қазақстандық боксшы

2021 жылы кездесуі мүмкін былғары қолғап шеберлерінің тізімін жариялады. Ол жерде де Сергей Лилинец, Давид Аванесян, Кастю Клейтон, Йорденис Угас және Шон Портер сияқты орта салмақтағы үздік боксшылар бар. Ал Данияр Елеусіновтің (10-0-6 КО) промоутері Эдди Хирн оның қашан рингке оралатынын айтты. – Данияр осыған дейінгі жеке-жеке Индонгомен жақсы айқас өткізіп, сенімді түрде жеңіске жетті. Енді ол үлкен жеке-жекеге дайындалып жатыр. Данияр өз салмағында кез келген боксшы үшін қауіпті қарсылас саналады. Кейінгі кездесуінде ринг төрінде қалай атой салғаны өздеріңіз де көрдіңіздер. Амаңдық болса қазақстандық боксшы сәурде рингке оралады, – деді Хирн.

## ДУБАЙДАН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ



**Қазақстандық паралимпиадашылар жаңа жыл қарсаңында алғаш рет аламанға қатысып, Дубайдағы Дүниежүзілік Гран-при 2021 сайысынан олжалы оралды.**

Ұлттық құраманың қоржынында 1 алтын, 4 күміс, 6 қола медаль бар:

- Салтанат Әбілқасымқызы – 100 метр қашықтыққа жүгіруден алтын, 200 метр қашықтыққа жүгіруден күміс
- Алексей Лукутин – ядро лақтырудан күміс
- Сергей Харламов – ұзындыққа секіруден күміс
- Ислам Салимов – ұзындыққа секіруден күміс
- Руфат Хабیبұллин – 200 метр қашықтыққа жүгіруден қола
- Анастасия Яковлева – 100 метр қашықтыққа жүгіруден қола, 200 метр қашықтыққа жүгіруден қола
- Равиль Мансурбаев – ядро лақтырудан қола
- Еламан Жолаламан – диск лақтырудан қола
- Мақшат Мейіржан – 400 метр

қашықтыққа жүгіруден қола жеңіп алды. Пара жеңіл атлетика бойынша бас жаттықтырушы Тахир Мамашев Ұлттық құраманың қоржынында 1 алтын, 4 күміс, 6 қола медаль барын қуанышпен хабарлады. «Карантинге байланысты жарыстар болмағандықтан, уағымдадық дегенмен нәтиже бізді қуандырды. Спортшылар бір жыл бойы үйде және онлайн жаттығып, жақсы нәтижеге қол жеткізді», – деді ол. Дубайдағы Дүниежүзілік Гран-при 2021 – пандемия басталғаннан бері пара жеңіл атлетикадан өткізілген бірінші әлемдік жарыс. Қазан 52 елден 471 спортшы қатысты. Қазақстанның атынан ядро лақтыру, ұзындыққа секіру, найза және диск лақтыру, жүгіру қашықтығын тәртібі бойынша 22 спортшы қатысты.

## «ҚАЙСАР» КУБОКТАН ҮМІТТІ

Сыр жұртшылығының сүйікті командасы «Қайсар» футбол клубы бүгінде Түркия жерінде жаңа маусымға дайындығын пысықтауда. Команданың алға қойған мақсаты айқын. Жаңа жоспармен ел біріншілігінде бағын сыйнайды. Сұлтан Әбілдіев бапкерлік қызметке тағайындалған сәттен қасқырлар жаттығу жұмысына кірісіп кетті.



Алдымен жергілікті футболшылардың арасында іріктеу жүргізіліп, қажеттісінін Анадольға аттандырды. Сұлтан Тоқатайұлының жұмысының бір ұнаған тұсы, құрамға бірден футболшыларды қабылдаудан аулақ. Көмеңкешілерімен бірлесіп, іріктеу жүргізіліп, талпақ сай болғанын отандық футбол біріншілігіне қатысуға мүмкіндік бермек. Бұл қадам Еуропалық скауттар үшін ерсі болуы мүмкін. Бірақ Сұлтан бапкердің мұндай шешіміне қос қолды қосқан қолдаушы болатындай. Өйткені мұндай іспен туризмді түгендеп, турист болып жүрген аяқдошыларға жол жоқ. Бүгінде команданың жаттығу жиынында бірнеше футболшы қаралымда жүр. Атап айтсақ, Армения құрамасының футболшысы Гегам Кадимян, Беларусь құрамасының қорғаушысы Сергей Карпович, Литва құрамасының қос аяқдошысы Линас Климавичус, Коралис Лазукявас, черногориялық шабуылшы Стефан Денковић, ресейлік футболшылар Артем Леонов, Егор Потапов, ел футболшының түлектері Арман Кеңесов, Марат Шахметов, Ұлар

Жақсыбаевтар бар. Өзірге жаңа футболшылармен келісімге келген жоқ. Өйткені ФИФА тарапынан «Қайсардың» трансферде ойыншы алуға шектеу бар. Алдағы аптада клубтың заңгерлері ФИФА-ның дауларды қарастыру палатасымен жұмыс жүргізіп, футболшы тіркеуге рұқсат алуын аманлы қарастырады. Жігіттердің Жерорта теңізінің жағасында жаттығып жүргеніне 10 күннен асты. Екі жолдастық кездесу өткізіп, біреуінде тең түсті. Тәжірибе жинауға мақсаты бар бапкерлік құрам осы қарсыласы тандаған жоқ. Жұырда клуб директоры Серік Досманбетовтың қатысуымен өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өтті. Сонда Серік Құттыбайұлы: «Жаңа маусымда жанкүйерлерді қуанту үшін барымызды саламыз. Алғаш рет Еуропа лигасына қатысып, қолтаңбамызды қалдырдық. Енді сол лигада неге қайта ойынасақ? Біз Қазақстан кубогының үш дүркін жеңімпаз болуға күш салатын болымыз» деп алға қойған мақсатын айтты. Ендеше жаңа маусым жақсылығымен келсін.

